

Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 505 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 тамызда № 15564 болып тіркелді.

"Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (А.Х. Базылбеков):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Б. Бисенқұловқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (А.Х. Базылбеков) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) құдіктілер мен айыпталушыларды ұсташа режимін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының ішкі тәртіптемені айқындайды.

2. Осы Қағидалар:

- 1) құдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және камераларға орналастыру;
- 2) құдіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту, дактилоскопиялау, суретке түсіру, сондай-ақ заттарын тексеруді жүргізу;
- 3) құдіктілер мен айыпталушылардан сақтауға және пайдалануға тыйым салынған заттарды, заттектерді және тамақ өнімдерін алып қою;
- 4) құдіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету;
- 5) құдіктілер мен айыпталушыларды тамақ өнімдерін, сондай-ақ бірінші кезекте қажетті заттар мен басқа да өнеркәсіптік тауарларды сатып алуы;
- 6) құдіктілер мен айыпталушыларға сәлем-сауқаттарды қабылдау және тапсыру;
- 7) құдіктілер мен айыпталушылардың хаттарды, ақшалай аударымдарды алуы және жіберуі;
- 8) құдіктілермен айыпталушылардың ұсыныстарды, өтініштері мен шағымдарынжіберу;
- 9) құдіктілермен айыпталушылардың діни жораларды орындауы;
- 10) айыпталушыларды еңбекке тарту;
- 11) құдіктілер мен айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуы;
- 12) айыпталушыларды газеттер мен журналдарға жазылуын жүргізу;
- 13) құдіктілер мен айыпталушыларды медициналық-санитариялық қамтамасыз ету;
- 14) құдіктілер мен айыпталушыларға күнделікті серуендеуін жүргізу;
- 15) құдіктілер мен айыпталушыларға корғаушыларымен, туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуін жүргізу;
- 16) құдіктілерді, айыпталушылар тергеу әрекеттеріне және сот отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету;

- 17) күдіктілер мен айыпталушыларға көтермелеу мен жазалау шараларын қолдану;
- 18) күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстau орнының әкімшілік басшыларымен және оған уәкілетті адамдармен жеке қабылдау;
- 19) тергеу изоляторларында қайтыс болған күдіктілер мен айыпталушылардың мәйітін беру;

20) күдіктілер мен айыпталушыларды қамаудан босату тәртібін айқындайды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Әрбір тергеу изоляторында тергеу изоляторы бастығының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен бекітілген күдіктілердің, айыпталушылардың, сол не өзге де құрамымен жұмыс істеу ерекшелігін, жыл мезгілін, жергілікті және басқа да мән-жайларды ескере отырып, қатаң регламенттелген, орындалуға және сақталуға міндетті күн тәртібі ұйымдастырылады. Күн тәртібінде сегіз сағаттық үзіліссіз ұйқы, ұйқыдан тұру, дәрет алу, тамақтану, серуендеу, жұмыс, тәрбиелік іс-шаралар, ұйқыға жату көзделеді.

4. Күдікті немесе айыпталушы тергеу изоляторында жұмыс уақытында ғана жауап алынады, бұл ретте 21 сағаттан кешіктірмей камерасына қайтарады.

5. Тергеу изоляторларында ұсталатын күдіктілер мен айыпталушы адамдардың тәртібін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес сақтайды.

Күдіктілер мен айыпталушылардың мінез-құлық қағидаларын бұзуының, сottалғандардың жазаны өтеу тәртібін бұзуының алдын алу және жолын кесу, азаптауларға және өзге де құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеу мақсатында бейнекамералар дәретханаларды, қол жуатын және себезгі бөлмелерін, моншаларды және ұзақ мерзімді кездесу бөлмелерінің жатын үй-жайларын қоспағанда, комиссия айқындайтын орындарда орнатылады. Бұл ретте күдіктілерді, айыпталушыларды және сottалғандарды сыртқы дене тексеруі жүзеге асырылатын үй-жайлар шымылдықтармен жабдықталады.

Әйелдерді ұстauға арналған үй-жайларда бейнебақылау операторлары әйел жынысты қызметкерлерден тағайындалады.

Бейне мұрағатты сақтау мерзімі кемінде 60 тәулікті құрайды.

Бейнежазбалардың көшірмелерін беру қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрган органдарының, қылмыстық қудалау органдарының, сottын, прокуратуралың, сондай-ақ Қылмыстық-процестік кодексте көзделген тәртіpte адвокаттардың және жәбірленушілерінің өкілдерінің ресми сұрауы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 21.12.2021 № 791 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тергеу изоляторында тексеруші адамдардың ескерту және ұсыныс кітабы жүргізіледі, оған тексеруші адам ескертулерін, ұсыныстарын және кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындау мерзімдерін енгізеді.

2-тарау. Құдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және камераларға орналастыру тәртібі

7. Құдікті мен айыпталушыны тергеу изоляторына қабылдау үшін ҚР ҚІЖК-нің 147 -бабына сәйкес тұтқында ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына алу туралы соттың қаулысы негіз болып табылады.

8. Тергеу изоляторына тұсken құдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі (бұдан әрі - кезекші көмекші) немесе оның орынбасарымен тәулік бойы жүргізіледі, ол:

1) мыналарды:

тергеу изоляторына жеткізілген адамды қабылдауға негізі бар іс жүргізу құжаттарының барын тексереді;

қамауға алған адамдардың жеке ісінде тігілетін жеке басын күәландаратын құжаттының барын тексереді, олар қажет болған жағдайда арнайы есепке алу бөлімі қылмыстық процесті жүргізуші органға, кейіннен қайтарумен беріледі;

туу туралы күәлік немесе баланың медициналық ұйымда туғанын растайтын құжаттары, баланы асырап алу құжаты, ал мұндай құжаттар болмаған жағдайда қылмыстық іс өндірісіне берілген анықтау жүргіzetін адамның, тергеушінің, прокурордың немесе соттың жазбаша нұсқауы болуын тексереді (үш жасқа дейінгі баласы бар әйелді тергеу изоляторына қабылдау үшін).

2) аталған адаммен сұрау жүргізеді және оның жауаптарын оның жеке ісіндегі деректермен салыстырады;

3) кезекші дәрігермен бірлесіп медициналық қарау жүргізеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

9. Тергеу изоляторына судьяның не соттың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулысынан көшірме ұсынылған жағдайларда онда осы бұлтартпау шарасы қолданылған адамның толық айқындаамалық деректері көрсетіледі. Көшірме лауазымды адамның қолымен күәландарылып, елтаңбалы мөр қойылады және үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қаулының көшірмесін ауыстыруға жатады.

10. Транзитпен айдауылданған құдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторына қабылданады және 2017 жылғы 13 ақпандағы № 107 Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің бүйрығымен бекітілген (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14918 нормативтік құқықтық актілері) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға есеп жүргізу

қағидасына сәйкес жолшыбай тізіміне және жеке ісі бойынша анықтама негізінде белгіленген жерге жіберіледі.

11. Қылмыстық істері бойынша тергеу кезіндегі ұстau мерзімі аяқталған және заңнамада ұзартылмаған құдіктілер және айыпталушылар тергеу изоляторына қабылданбайды. Күзетпен ұстau мерзімдері аяқталған адамдар тергеу изоляторына қабылданғаннан кейін тергеу изоляторы бастығының қаулысы бойынша жоспарлы айдауылдан босатылады.

12. Тергеу изоляторына қабылданған адамдар келіп түскен күні, бірақ бір тәуліктен кешіктірмей алғашқы медициналық куәландырудан және санитариялық тексеруден өтеді. Медициналық куәландырудың нәтижелері медициналық амбулаториялық картага енгізіледі.

13. Санитариялық тексерістен өткеннен және медициналық куәландыру нәтижелерін алғаннан кейін құдіктілер, айыпталушылар төсек жабдықтарын, сондай-ақ маусым бойынша киім-кешекті (өз киім-кешегі болмаған жағдайда) алады.

Уақытша оқшалау жайына, тәртіп изоляторына орналастырылған кәмелеттік жасқа толмаған адамдар киімдерін ауыстырады. Оларға тиесілі киімдері алынады және сақтауға беріледі.

14. Тергеу изоляторына қабылданған құдіктілер және айыпталушылар құқықтары мен міндеттері, құзетте ұстau режимі, тәртіптік талаптар, ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды беру тәртібі туралы ақпаратпен қол қою арқылы танысады. Көрсетілген ақпарат жазбаша түрде ұсынылады.

15. Қарауылдан (айдауылдан) қабылданған жеке істерді ресімдеу кезінде құдіктілер мен айыпталушылар оқшаулау тәртібін сақтай отырып, жинақтау бөлімшесінің камераларына бір тәуліктен аспайтын мерзімге не орындықтармен және жасанды жарықпен жабдықталған бір орындық бокс бөлмесіне екі сағаттан аспайтын мерзімге орналастырылады.

16. Құдіктілер мен айыпталушыларды камералар бойынша орналастыру осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша камераларда орналастыру жоспары негізінде "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 32-бабының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Тергеу изоляторының әкімшілігі олардың арасындағы байланысты болдырмау бойынша шаралар қабылдайды.

Жаңа келген құдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторында ұстau тәртібімен және жағдаймен таныстыру, сондай-ақ денсаулығының жағдайын тексеру және санитариялық-гигиеналық іс-шараларды жүргізу, олармен психологиялық тексерістерді жүргізу мақсатында көрсетілген адамдар 15 тәулікке дейін карантин бөлімшесіне орналастырылады.

Күдіктілерді және айыпталушыларды камераларға жедел қызмет қызметкерінің келісімі бойынша, ал кәмелетке толмағандарды тәрбие жұмысы жөніндегі нұсқауышының келісімі бойынша кезекші көмекші немесе оның орынбасары орналастырады. Науқас адамдар медицина қызметкерінің нұсқауымен орналастырылады. Жұқпалы аурумен науқас адамдар жеке камераларға орналастырылады. Карантинде ұстай мерзімі медициналық көрсеткіштер бойынша белгіленеді.

Заңның 32-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, бұл ретте бейнебақылау жүйесі арқылы және қосымша (уақытша) бекет қою арқылы күшейтілген қадағалау қамтамасыз етіле отырып, суицид жасау қаупі бар адамдарды жалғыз ұстаяға жол берілмейді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Жұқпалы аурумен ауыратын немесе ерекше медициналық күтімге және байқауға мұқтаж науқастар басқа күдіктілерден және айыпталушылардан бөлек орналастырылады.

18. Тергеу изоляторларында орналасқан медициналық ұйымдарда күдіктілер және айыпталушылар ауру түрлеріне қарай орналастырылады. Ерлер мен әйелдер, ересектер мен кәмелетке толмағандар бір-бірінен бөлек орналастырылады. Аса ауыр және ауыр қылмыстар жасады деген күдіктілер мен айыпталушылар оқшау ұсталады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Кәмелетке толмағандар жасын, денесінің жетілуін және мінез-құлқын ескере отырып, жеке корпустарда, секцияларда немесе режимдік корпустардың қабаттарында орналасқан аз орындық камераларда кем дегенде 4-6 адамнан орналастырылады.

20. Камераларда құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін Заңның 32-бабына сәйкес кәмелетке толмағандармен бірге алғаш рет қылмыстық жауапкершілікке тартылған оң мінезделетін ересек адамдар орналастырылады.

Аз орындық камераларда кәмелетке толмағандармен бірге ересектердің бір-екеуін, жалпы камераларда үшеуін ұстаяға жол беріледі.

21. Күдіктілер мен айыпталушылар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жабдықталған құлыппен жабылатын жалпы камераларда ұсталады. Заңның 31-бабына сәйкес тергеу изоляторы бастығының қаулысының дәлелі бойынша жалғыз басты камераларға күдіктілер мен айыпталушыларды орналастыруға рұқсат етіледі.

22. Осы Қағидаларға 16-тармағында көрсетілген оқшаулау тәртібі күдіктілердің және айыпталушылардың барлық орын ауыстыруы (серендеу, санитариялық тазалау жүргізу кезінде дәлізде және тергеу изоляторының аумағында қозғалуы) кезінде қамтамасыз етіледі.

23. Жұкті әйелдерді, үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдерді орналастыру үшін жеке режимдік корпустарданемесе режимдік корпустардың оқшауланған бөліктерінде орналасқан неғұрлым жарық және құрғақ камералар пайдаланылады. Камералар бір қабатты жатын орындарымен жабдықталады.

3-тарау. Құдіктілерді және айыпталушыларды жеке тінту, дактилоскопиялау, суретке түсіру және заттарын тексеріп қарau тәртібі

24. Тергеу изоляторына түскен құдіктілер, айыпталушылар толық жеке тінтуден, дактилоскопиялаудан және суретке түсіруден өтеді, ал олардың жеке заттары тексеріп қаралады.

25. Құдіктілерді және айыпталушыларды жеке тінту және олардың заттарын тексеріп қарau сақтауға және пайдалануға тыйым салынған не осы адамға тиесілі емес заттарды, құралдарды және азық-түлікті табу және алып қою мақсатында жүргізіледі.

26. Құдіктілерге және айыпталушыларға сақтауға және пайдалануға тыйым салынған заттарға омір мен денсаулыққа қауіп төндіретін немесе қылмыс қаруы ретінде пайдаланылатын не құзетпен ұстауға кедергі келтіре алатын заттар, заттектер және тاماқ өнімдері, сондай-ақ осы Ереженің 6 қосымшасына сәйкес құдіктілермен айыпталушылардың өздерінде болуға, сақтауға, сауқаттар, сәлемдемелер алуға және қолма-қол төлемсіз сатып алуға рұқсат етілгентамақ өнімдері, бірінші кезекте қажетті заттар, аяқ киім, киім-кешек және басқа да өндірістік тауарлар тізбесіне енгізілмеген немесе белгіленген мөлшерден асып кеткен тاماқ өнімдері, бірінші кезекте қажетті заттар, аяқ киімдер, киім-кешек және басқа да өнеркәсіптік тауарлар жатады.

27. Жеке тінту толық және жартылай болады. Құдіктілер мен айыпталушылар толық тінтілуге тартылады.

- 1) тергеу изоляторына келген кезде;
- 2) изолятордан тыс жерлерге кеткенде;
- 3) жалғыз адамдық камераға, тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшалау кезінде, сондай-ақ басқа да жағдайларда Заңның 33 бабына сәйкес тергеу изоляторы бастығының немесе орынбасарының нұсқауымен толық тінтуден өтеді.

Толық тінту кезінде тінтілүшінің денесі, оның киімдері, аяқ киімдері, сондай-ақ протезі мұқият тексеріледі. Құдіктілермен айыпталушыларға толық шешініп, денесінің тиісті жерін көрсету ұсынылады. Пластырлы жапсырма, гипс және басқа да байлауыштар медицина қызметкерімен бірлесіп тексеріледі. Киімге тігілген заттар табылған жағдайда матасы сөгіледі. Аяқ киімнен супинаторы, темір тағалары суырылып алынады.

Құдіктілер мен айыпталушыларға тек Тізбеде белгіленген өздерінде болуға және камерада сақтауға рұқсат етілген заттар, құралдар және тاماқ өнімдері қалдырылады.

Күдіктілермен айыпталушыларда қалған олардың жеке заттары мен құралдары камера карточкаларына жазылады. Басқа қалған заттары, заттектері және тамақ өнімдері сақтауға қабылданады не тергеу изоляторы бастығының шешімімен жойылады.

28. Жартылай тінту күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторының шегінде алып шыққан кезде (дактилоскопиялауға, дәрігерге, тергеушіге алып шыққанда, туыстарымен және өзге де адамдармен кездескенге дейін және кейін, басқа камераға, оның ішінде жалғыз адамдық камераға аудиостыру кезінде) жүргізіледі. Жартылай тінту тінтілүшіні шешіндірмей-ақ киімін және аяқ киімін қарап, саусақпен басып көру арқылы жүргізіледі.

29. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке тінтуді тергеу изоляторының онымен жынысы бір қызметкері жүргізеді.

30. Тергеу изоляторына келген күдіктілер мен айыпталушыларды олардың жеке істерінде тану суреті және дактилоскопиялық картасы болмаған кезде фотодактилоскопия тобының қызметкері суретке түсіреді және дактилоскопиялайды. Олардың әрқайсысына бір дактилоскопиялық карта және көлемі 4,5x6, 6x9 сантиметр алты фотокарта (үшеуі алдынан және үшеуі қырынан) дайындалады.

31. Күдіктілер мен айыпталушылардың заттарын тексеру тергеу изоляторына түскен кезде, оның шегінен тыс жерге жөнелтілер алдында, басқа камераға, тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйымның стационарына аудиостыру немесе тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына қамау кезінде олардың қатысуымен жүргізіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

32. Күдіктілер мен айыпталушыларды толық тінту немесе заттарын тексеру хаттамамен ресімделеді (еркін нысанда), оған еркін нысанда жасалған тыйым салынған заттарды, құралдарды және тамақ өнімдерін алып қою туралы акті қоса беріледі. Толық тінту мен заттарды тексеру қатар жүргізілген кезде бір хаттама жасалады. Хаттамаға күдікті немесе айыпталушы және тергеу изоляторының толық тінту жүргізген немесе заттарын тексерген қызметкері қолдарын қояды. Күдіктінің немесе айыпталушының хаттамаға қол қоюдан бас тартуы және оның тінту немесе заттарын тексеру кезіндегі наразылықтары хаттамада жазылады. Хаттама мен акті жеке іске тігіледі. Толық жеке тінту немесе заттарды тексеру туралы күдіктінің және айыпталушының камералық карточкасында тінту жүргізген немесе заттарын тексерген адамның тегінжәне күнін көрсете отырып белгі қойылады.

33. Жартылай тінту кезінде тыйым салынған заттарды, құралдарды және тамақ өнімдерін алу туралы баянат (еркін нысанда) жасалады.

34. Күдіктілер мен айыпталушыларды тінту немесе заттарын тексеру кезінде тыйым салынған заттарды, заттектерді мен тамақ өнімдерін табуға арналған техникалық құралдарды пайдалануға болады.

4-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардан сақтауға және пайдалануға тыйым салынған заттарды, заттектерді мен тамақ өнімдерін алып қою тәртібі

35. Күдіктіден немесе айыпталушыдан сақтауға қабылданған тиесілі ақшасы оныңжеке шотына салынады. Құнды заттар(қымбат металдар және одан жасалған бұйымдар, қымбат тастар, інжу және одан жасалған бұйымдар, барлық түрдегі және маркадағы сағаттар, бағалы қағаздар, валюта және ұялы байланыс құралдары) тергеу изоляторының қаржы бөліміне тергеу изоляторында болған уақытта оларды пайдалану және иемдену құқығынсызсақтауға тапсырылады. Жеке құжаттар (жеке басын куәланыратын және басқа құжаттар) тергеу изоляторының арнайы есепке алу бөліміне сақтауға беріледі. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған заттар, құралдар мен тамақ өнімдері мекеменің қоймасына сақтауға тапсырылады немесе сottың шешімімен жойылады.

36. Күдіктілер мен айыпталушылардан құндылықтарды алып қоюне сақтауға қабылдау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада акті толтырылады. Бірінші данасы күдіктіге немесе айыпталушыға беріледі, екінші данасы қаржы бөліміне беріледі, ал үшінші данасы жеке істе сақталады. Ақша жеке шотқа түскеннен кейін күдіктіге немесе айыпталушыға қаржы бөлімі шоттағы сақталатын сома көрсетілген түбіртек береді.

37. Күдіктілер мен айыпталушылардан сақтауға қабылданған не алып қойылған ақшаның сомасы немесе құнды заттары туралы тергеу изоляторының әкімшілігі олардың сұрау салуы бойынша өндірісінде қылмыстық іс бар адамға немесе органға хабарлайды.

38. Күдіктіден немесе айыпталушыдан заттарды және тамақ өнімдерін сақтауға қабылдау комиссиялық түрде жүргізіледі. Комиссиялардың құрамын тергеу изоляторының бастығы режим және күзет бөлімінің қызметкерлері, тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйымның медицина қызметкері қатарынан акт бойынша тағайындаиды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

39. Сottың шешімі бойынша құндылығы жоқ нәрселер, заттар, сондай-ақ тамақ өнімдері, оның ішінде: спирттік ішімдіктер немесе спирттік негіздегі бұйымдар, оларды дайындауға арналған өнімдер, есірткі (оларды тарату фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайларды қоспағанда) және оларды пайдалануға арналған құрылғылар, отқа қауіпті заттар мен құралдар, тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйым медицина қызметкерінің қорытындысы бойынша мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп танылған дәрілік заттар, ойын карталары, эротикалық, порнографиялық немесе зорлық-зомбылыққа табынуды насиҳаттайтын қолжазба, графикалық, баспа, фото және бейне өнімдер (қылмыстық іс материалдарын

қоспағанда), тұтынылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін не тергеу изоляторларында қамтамасыз етілмейтін ерекше сақтау жағдайларын талап ететін тамақ өнімдері, мақсаты немесе қасиеттерін анықтау мүмкін емес не өзінің бастапқы тұтыну қасиеттерін жоғалтқан және Тізбеке енбеген өзге де заттар, құралдар мен тамақ өнімдері жойылуға жатады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

40. Тұтында ұсталу кезінде құдікті мен айыпталушыдан алынған немесе айқындалған ақша немесе құнды заттардың әр бір факті бойынша, сондай-ақ өзге де қажетті жағдайларда олардың қайдан келіп түскенін және нақты иесін анықтау мәніне қызметтік тергеу жүргізіледі.

41. Кұдіктілер мен айыпталушылардан, сондай-ақ камералар мен мекеме аумағына тиесілі ақша, бағалы қағаздар мен басқада құнды заттар, иелерін анықтауға мүмкіндік болмаған жағдайда, осы Қағидаларға сәйкес әкімшілікпен алынады және сот шешімі бойынша мемлекет кірісіне аударуға жатады.

Дүние-мұліктер, бүйымдар, заттар, құжаттар мен азық-түліктерді құдіктілер мен айыпталушылардан алу, азық-түліктер, бірінші қажетті заттарды, аяқ киімдер және басқа да өнеркәсіп тауарлары Тізімге кірмейтін, құдіктілер мен айыпталушылар өздерінде сақтауға, сәлем-сауқаттар алуға және қолма қолсыз есептеу бойынша, мекеме әкімшілігінің комиссия шешімі бойынша туыстарына беріледі немесе мекеме бастығының қаулысымен сақтауға немесе жояды, осы туралы (еркін нысанда) акт құрастырылады.

42. Кұдіктіңің және айыпталушының өтініші бойынша және өндірісінде қылмыстық іс бар адамның не органның келісімімен тергеу изоляторында сақталудағызаттар, құралдар жәнетамақ өнімдері құдікті мен айыпталушының туыстарына немесе өзге адамдарға (еркін нысандағы) қолхатпен беріледі.

43. Кұдікті мен айыпталушы қайтыс болған жағдайда сақтаудағы оған тиесілі ақша, құнды заттар, басқа да заттар, құралдармен тамақ өнімдері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 235 бабында көрсетілген тәртіpte оның мұрагерлеріне беріледі.

5-тaraу. Құдіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету

44. Кұдіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету Заңның 22-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Тұтында ұстасу кезінде уақытша пайдалануға тегін мулік беріледі.

Жатын үй-жайлар санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай болуы тиіс (үй-жай ауданы, көзге қауіпсіз жарықтандыру, табиғи жарықтандыруда әдебиеттерді оқу мүмкіндігі, үй-жайды желдету).

Кереуетті жинау үлгісі осы Қағидаларға 8-қосымшада белгіленген.

Күн тәртібімен ұйықтауға бөлінбеген уақытта жатын орындарын пайдалануға жол берілмейді.

45. Жалпы пайдалану үшін камераларға "Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын күдіктілерді, айыпталушылар мен сottалғандарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 5 маусымдағы № 448 бұйрығына (бұдан әрі - заттай нормалар) сәйкес жеке гигиена құралдары беріледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.11.2023 № 790 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Тергеу изоляторларының камералары:

- 1) ұстелмен және орындықтармен және камерадағы орындар саны бойынша отырғызу орындарымен;
- 2) жатын орынмен;
- 3) санитариялық тораппен;
- 4) су құбыры кранымен;
- 5) электр құралдарын қосуға арналған розеткалармен;
- 6) азық-тұлік шкафымен;
- 7) сыртқы киімге арналған ілгіштермен;
- 8) жуыну жабдықтарына арналған сөремен;
- 9) қабырғаға бекітілетін айнамен;
- 10) ауыз суға арналған ыдыспен;
- 11) жалпымемлекеттік бағдарлама таратуға арналған радиодинамикамен;
- 12) әкімшілік өкілін шұғыл шақыртатын түймемен;
- 13) қоқысқа арналған ыдыспен;
- 14) күндізгі және түнгі жарық беретін шамдармен;
- 15) тізбесі осы Қағидаларға 9-қосымшада көрсетілген қосымша ақылы қызмет көрсетілген жағдайда желдеткіш жабдығымен, сондай-ақ тұрмыстық қуралдармен;
- 16) баласы бар әйелдер ұсталатын камераларда балалар кереуеттерімен жабдықталады.

47. Камераларда су ысытатын құралдар болмағанда ішуге арналған қайнаған су күнделікті тергеу изоляторларының әкімшілігі белгіленген уақытта қажеттілікті ескере отырып беріледі.

48. Күдіктілер мен айыпталушыларға аптасына кемінде бір рет 15 минуттан кем емес ұзақтықта душта жуыну мүмкіндігі беріледі. Апта сайын душта шомылғаннан кейін төсек жабдықтары ауыстырылады.

Біржолғы қауіпсіз ұстаралар бекітілген кестеге сәйкес пайдалану уақытына тергеу изоляторы әкімшілігінің бақылауымен беріледі. Басқа уақытта бекетте жабдықталған арнайы металл жәшікте сақталады.

49. Устел ойындары он адамға бір жиынтықтан немесе ішінде он адамнан кем болатын бір камераға бір жиынтықтан беріледі.

50. Құдіктілер мен айыпталушылардың өтініші бойынша ұсыныс, өтініш, шағым жазу үшін жазу құралдары (қағаз, шарикті қаламсап) беріледі.

51. Тергеу изоляторының кітапханасынан газеттер олардың келіп түсуіне қарай он адамға бір газет есебінен немесе егер онда он адамнан кем болса бір камераға бір газеттен беріледі.

52. Тергеу изоляторының кітапханасынан кітап және журнал айырбастау аптасына бір рет жүргізіледі. Кітапхана абонементін пайдалану қағидасын тергеу изоляторының бастығы бекітеді.

6-тарау. Құдіктілер мен айыпталушылардың тамақ өнімдерін, сондай-ақ бірінші кезекте қажетті заттарды және басқа да өнеркәсіптік тауарларды сатып алу тәртібі

53. Сезіктілер мен айыпталушылар тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажетті заттарды және сақтауға және пайдалануға тыйым салынбаған басқа да өнеркәсіп тауарларын қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша тергеу изоляторының дүкенінен (дүңгіршегінен) немесе электрондық сауда алаңынан сатып алады.

Электрондық сауда алаңында тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажетті тауарларды сатып алу тапсырыс беру арқылы, арнайы стационарлық (терминал) не мобильді (планшет) құрылғы арқылы, Интернет желісіне электрондық сауда алаңының интернет-ресурсына бару үшін ғана қол жеткізе отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Тергеу изоляторының дүкенінде (дүңгіршегінде) немесе электрондық сауда алаңында сатуға рұқсат етілген тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажетті заттардың және басқа да өнеркәсіп тауарларының ассортименті рұқсат етілген заттардың тізбесімен айқындалады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Бір адамға тамақ өнімдерін және өзге де тауарларды сатудың нормасы, ассортименті, саны бойынша белгіленбейді. Құдікті мен айыпталушы өзінде болатын тамақ өнімдерінің жалпы салмағы 35 килограммнан аспауы керек. Сатып алынған тауарды сату айына екі реттен кем жүргізмейді.

56. Құдіктілер мен айыпталушылар дүкенге (дүңгіршекке) шығарылмайды. Дүкендегі (дүңгіршектегі) бар тауарлардың ассортименті және олардың құны күзетпен ұсталатын адамдардың назарына жеткізіледі.

57. Тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажетті заттарды және өнеркәсіптік тауарларды сатып алғысы келетін адамдар тергеу изоляторы бастығының атына осы

Қағиданың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш жазады, ол жеке шотында ақшасы бар екендігі туралы ақша түбіртегімен бірге әкімшілік өкіліне тапсырылады.

Дүкеннің (дүңгіршектің) жұмыскері тауар сатып алғысы келген күдікті мен айыпталушының жеке шотында ақшасының бар-жоғын қаржы бөлімінен тексереді. Сатып алынған тауарлар камераларға таратылып, қолхат арқылы беріледі.

58. Егер тауар сатып алған күдікті мен айыпталушының жеке шотында ақша қалса, оған тиісті белгі қойылған түбіртек қайтарылады, ал егер қаражат болмаса түбіртек өтінішке тіркеледі. Жұмыс күні аяқталған соң дүкен (дүңгіршек) жұмыскері аванстық есеп жасайды және оны өтініштермен бірге жеке шоттағы ақшаны есептен шығару үшін қаржы бөліміне тапсырады.

59. Тергеу изоляторында дүкен (дүңгіршек) болмаған жағдайда күдіктілер мен айыпталушыларға қажетті тауарларды тергеу изоляторынан тыс жерде орналаскан сауда нүктесінен сатып алынады.

Күдіктілер мен айыпталушылардың жеке шоттарынан талап еткен ақша сомасын есепке алу үшін күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторының қаржы бөлімінің қызыметкеріне тергеу изоляторының бастығы куәландырылған сенімхатты береді. Берілген ақша есеп беретін адамнан осы туралы өтініш берген адамдарға сатып алынған тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды бергенін растайтын аванстық есеп және құжаттар негізінде есептен шығарылады. Тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды алуға өтініштің және қолхаттың негізінде олардың құны күдіктілер мен айыпталушылардың жеке шоттарынан есептен шығарылады.

Тергеу изоляторының әкімшілігі күдіктілер мен айыпталушылардың тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсаған ақша сомасы (күні көрсетіле отырып) туралы оның жеке ісінде белгі жасайды.

Ескеरту. 59-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бүйрүғымен.

60. Күдіктілер мен айыпталушылардың туыстарына не өзге адамдарға тергеу изоляторының қаржы бөлімі арқылы тергеу изоляторының дүкендерінде (дүңгіршектерде) немесе электрондық сауда алаңында сатуда бар тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажетті заттардың және басқа да өнеркәсіптік тауарлардың құнын кейін оны күдіктілерге және айыпталушыларға беру үшін төлеу мүмкіндігі беріледі.

Бұл жағдайда туысы немесе өзге адам тергеу изоляторының қаржы бөліміне екі данада өтініш береді, онда өзі құнын төлегісі келетін тамақ өнімдерінің және басқа да тауарлардың саны мен салмағы көрсетіледі және қажетті соманы төлейді. Сатып алынған тауарды күзетпен ұстауға алынған адам алғаннан кейін оның қолы қойылған өтініштің бірінші данасы тауардың құнын төлеген адамға қайтарылады, ал екінші данасы жеке ісіне тігіледі. Тиісті белгі анықтама картотекасына қойылады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тaraу. Сәлем-сауқаттарды құдіктілер мен айыпталушыларға қабылдау және беру тәртібі

61. Құдіктілерге және айыпталушыларға арналған сауқаттарды, сәлемдемелерді қабылдау тергеу изоляторының осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес сәлемдемелерді қабылдау бөлмесінің жиһазы мен мүккәмалы тізбесіне сәйкес жабдықталған үй-жайында жүзеге асырылады. Құдіктілерге және айыпталушыларға салмағы 20 килограммнан аспайтын сауқаттар мен сәлемдемелердің санын шектеусіз алуға рұқсат етіледі. Сәлемдемелер келушілердің кезектілік тәртібінде қабылданады. Тізбе мемлекеттік және ресми қолданылатын орыс тілдерінде сәлемдемелер қабылдауға арналған үй-жайда ілінеді.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.11.2019 № 972 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Сәлемдемені жеткізген адам осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада өтініш толтырады және оған қол қояды. Өтініштің екі данасы, сәлемдеме, сәлемдемені жеткізген адамның жеке басын куәландыратын құжат тергеу изоляторының қызметкеріне беріледі.

63. Сәлемдеменің ішіндегісінің болуын, салмағын салыстыру және тексеру оларды жеткізген адамдардың қатысуымен осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес азық-түлік және заттай сәлемдемелер мен сауқаттарды тексеру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады . Салынғаның тізбесі және сауқаттар мен сәлемдемелердің салмағы тексеріледі және өтініште белгіленеді. Жеке басын куәландыратын құжат сәлемдеменің ішіндегісін салыстыру не тексеру жүргізгеннен кейін қайтарылып беріледі.

64. Тергеу изоляторының қызметкері сәлемдемені қабылдаған соң келушіге жеке құжаттарын және өтініштің бірінші данасын қабылдағаны туралы қол қойып қайтарады , ал екінші данасы сәлемдемені алғаны туралы оның қолы қойылғаннан кейін құдіктінің және айыпталушының жеке ісіне тігіледі. Анықтама карточкасында бұл адамға сәлемдемені қабылдағаны туралы белгі қойылады. Құдікті немесе айыпталушы өтінішке қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл туралы өтініште тиісті белгі қойылады.

65. Сәлемдемелер мынадай жағдайларда:

1) адресат күзетпен ұстаудан босатылған немесе ол тергеу изоляторынан үш тәуліктен артық мерзімгекеткен;

2) құдікті немесе айыпталушы қайтыс болған;

3) құдіктінің немесе айыпталушының өзіне арналған сәлемдемені өз қолымен алуына немесе ішіндегін керегіне жаратуға мүмкіндігі болмаған;

4) сәлемдеменің салмағы осы Қағидаларға 61-тармағында көзделген нормаға сәйкес келмеген;

- 5) сәлемдемені жеткізген адам жеке басын күэландыратын құжатты көрсетпеген;
- 6) құдікті немесе айыпталушы өзіне арналған сәлемдемені қабылдаудан жазбаша түрде бас тартқан жағдайларда;
- 7) транзитпен аудауылданатын адамдарға қабылданбайды және келушіге кері қайтарылады.

Ескерту. 65-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 15.01.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Тергеу изоляторында немесе ауруханада емделу курсынан өтіп жатқан адамдарға келген сәлемдемелерді қабылдау кезінде емдеуші дәрігердің ұсынымдары ескеріледі.

67. Сауқаттарды ашып және ішіндегісін салыстырғаннан кейін екі данада тізімдеме жасалады, онда: заттар мен азық-тұліктің атауы және тізбесі, олардың сыртқы белгілері, сапасы, ішіндегіден нақты не алынғаны және сақтауға тапсырылғаны көрсетіледі. Сақтауға рұқсат етілген заттар, құралдар және тамақ өнімдері құдіктіге, айыпталушыға тізімдемеге қол қою арқылы беріледі, оның бірінші данасы жеке іске, ал екінші данасы номенклатуралық іске тігіледі.

68. Сәлемдемелерде табылған құдіктілер мене айыпталушылардың сақтауына және пайдалануына тыйым салынған тамақ өнімдері сәлемдемені жеткізген адамға қайтару себебін көрсете отырып қайтарылады. Сауқаттар мен сәлемдемелерде табылған ақша және бағалы заттарды тергеу изоляторының әкімшілігі алып қояды және сот шешімі бойынша мемлекет кірісінің айналымына жатады.

69. Осы Қағидаларда 65-тармағында көрсетілген жағдайларда сауқаттар жөнелтушілерге қайтарылады. Сауқаттар пошта арқылы ұстеме төлеммен "көрі қайтаруға жатады" деген белгімен қайтарылады.

70. Тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына қамалған адамдардың атына келіп тұсken сауқаттар және сәлемдемелер қоймаға сақтауға тапсырылады және құдіктілер мен айыпталушыларға олардың тәртіптік изолятордан немесе уақытша оқшаулау үй-жайында болу мерзімі аяқталғаннан кейін беріледі.

71. Тергеу изоляторының әкімшілігі сауқаттар мен сәлемдемелер ішіндегісінің сақталуын қамтамасыз етеді, бірақ ұзак уақыт сақталуына байланысты табиғи бұзылуына, сондай-ақ тексеру нәтижесінде тауарлық бейнесінің жоғалуына жауап бермейді.

72. Сауқатты немесе сәлемдемені қабылдағаннан кейін құдіктіге немесе айыпталушыға бір тәуліктен кешіктірілмей, ал құдікті немесе айыпталушы уақытша болмаған не жалғыз адамдық камераға, тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына қамалған жағдайда осы Қағидалардың 27-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ол қайтып оралғаннан кейін не жазалау шарасын өтеу аяқталғаннан кейін беріледі.

8-тaraу. Күдіктілер мен айыпталушылардың хаттарды және ақшалай аударымдарды алу және жіберу тәртібі

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Күдіктілер және айыпталушылар туыстарынан және өзге де адамдардан хаттар алады және жібереді.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Күдіктілер мен айыпталушылардың хат алмасуы тек тергеу изоляторының әкімшілігі арқылы ғана олардың өз есебінен, өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және прокурор мен сотқа арналған хаттан басқалары цензураға жатады.

75. Күдіктілер мен айыпталушылар пошта қажеттіліктерін (конверттер, маркалар) тергеу изоляторының дүкенінен (дүңгіршегінен) немесе электрондық сауда алаңынан сатып алады.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Күдіктілер мен айыпталушылардың хаттарын күн сайын әкімшілік өкілі қабылдайды. Хаттарда жөнелтушінің тегі, аты-жөні және тергеу изоляторының пошта мекенжайы көрсетілген жағдайда ғана қабылданады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Күдіктілер мен айыпталушылардан хатты қабылдаған сәттен бастап және оны жібергенге дейін, сондай-ақ тергеу изоляторына хат келіп түскен сәттен бастап және оны адресатқа тапсырғанға дейін көрсетілген мекеменің әкімшілігі хаттың сақталуын, хат алмасудағы құпияны қамтамасыз етеді.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Күдікті мен айыпталушының атына келіп түскен хаттарды тапсыруды, сондай-ақ оның хаттарын адресаттарға жіберуді тергеу изоляторының әкімшілігі хаттың келіп түскен немесе оны құдіктіге және айыпталушыға тапсырған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді. Хатты мемлекеттік немесе ресми қолданылатын орыс тіліне аудару қажет болған кезде хатты тапсыру мерзімі аударма жасау үшін бір айға дейін ұзартылады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Күдікті мен айыпталушыға жақын туысының өлімі немесе ауыр сырқаттануы туралы мәлімет оны алғаннан кейін дереу хабарланады.

80. Жәбірленушілерге, куәлерге арналған, сондай-ақ ішінде қылмыстық іс бойынша мәліметтер, қорлау, қорқыту, кек алуға, қылмыс немесе өзге де құқық бұзушылық жасауға шақыру, тергеу изоляторының құзеті, оның қызметкерлері туралы ақпарат, тыйым салынған заттарды беру тәсілдері және қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауға кедергі болатын немесе қылмыс жасауға ықпал ететін басқа да мәліметтер бар, сондай-ақ құпия жазбамен, мемлекеттік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиялар шифрленіп жазылған хаттар адресатқа жіберілмейді, күдіктілерге және айыпталушыларға берілмейді және өндірісінде қылмыстық іс бар адамға немесе органға беріледі.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Сезіктілер мен айыпталушылардың ақшасы тергеу изоляторының мекен-жайына пошта арқылы аударылады және олардың жеке шоттарына, сондай-ақ электрондық сауда алаңының сервисіндегі жеке шотын (логинін) толықтыру арқылы аударылады. Күдіктінің немесе айыпталушының жеке шотындағы ақша сомасын пошта арқылы аудару үшін ол тергеу изоляторы бастығының атына дәлелді өтініш жазады. Ақша аудару күдіктінің немесе айыпталушының жеке шотындағы қаражат есебінен пошта арқылы жүзеге асырылады.

Тұстары мен өзге де адамдарға электрондық сауда алаңы сервисінің көмегімен күдіктілер мен айыпталушылардың жеке шоттарын (логинін) толықтыруға жол беріледі, сондай-ақ электрондық сауда алаңында тапсырысты жүзеге асыра алады және күдіктілер мен айыпталушыларға сәлемдеме түрінде жібере алады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың ұсыныстар, өтініш және шағым жолдауы тәртібі

82. Әкімшілік өкілдері күн сайын камераларды аралайды және күдіктілерден, айыпталушылардан жазбаша және ауызша түрде ұсыныстар, өтініштер және шағымдар қабылдайды. Ұсыныстарға, өтініштерге және шағымдарға берілген жауаптар күдіктілер мен айыпталушыларға қолхат арқылы жарияланады және жеке ісіне тіркеледі.

83. Ауызша түрде қабылданған ұсыныстар, өтініштер және шағымдар оларды шешуге жауапты адамға баяндалады.

84. Тергеу изоляторының әкімшілігіне арналған жазбаша ұсыныстар, өтініштер және шағымдар тіркеледі және оларды шешу бойыншашаралар қабылдайтын тергеу изоляторының бастығына баяндалады. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда құдіктіге немесе айыпталушыға тиісті түсініктеме беріледі.

85. Прокурорға немесе сотқа жолданған ұсыныстар, өтініштер және шағымдар желімделген конвертте қабылданады және цензураға жатпайды. Келіп түсуіне қарайдереу адресатқа жолданады.

86. Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстарды, өтініштерді және шағымдарды тергеу изоляторының әкімшілігі қарап, оны берген сэттен бастап бір тәуліктен кешіктірмей тиесілігі бойыншажолдауы тиіс.

87. Апелляциялық және кассациялық шағымдарды қоспағанда, ұсыныстарды, өтініштерді және шағымдарды жіберу бойынша шығыстарды төлеу жөнелтушінің есебінен жүргізіледі. Құдіктінің немесе айыпталушының жеке шотында ақшасы болмаған кезде шығыс тергеу изоляторының есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-тарау. Құдіктілер мен айыпталушылардың діни жораларды орындау тәртібі

88. Құдіктілер және айыпталушылар діни жораларды камераларда, өзінің жатын орнының жаңында осы Ережеде көрсетілген жағдайларды сақтай отырып орындаиды.

89. Құдіктілер мен айыпталушылардың діни жораларды орындауы мекеменің жұмыс істеуіне кедергі келтірмеуі, ішкі тәртіптемені бұзбауы, сондай-ақ Заңның 16-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес басқа құдіктілер мен айыпталушалардың құқықтарын шектемеуі тиіс.

90. Құдіктілер мен айыпталушыларға өздерімен бірге және діни әдебиетпен қолдануға рұқсат етіледі.

11-тарау. Айыпталушыларды еңбекке тарту тәртібі

91. Еңбек етуге ниет білдірген айыпталушылардың еңбегі тек тергеу изоляторларының аумағында камераларда, өндірістік аландарда, шеберханаларда және жөндеу-құрылыш жұмыстарында ұйымдастырылады. Жұмыс жүргізу кезінде оқшаулаудың белгіленген талаптарын және Заңның 31, 32-баптарында белгіленген айыпталушыларды бөлек орналастыру қағидаларын, сондай-ақ азаматтық және еңбек заннамасының нормаларын, қауіпсіздік техникасы қағидаларын орындау қамтамасыз етіледі.

92. Айыпталушылар тергеу изоляторының арнайы есепке алу бөлімдеріндегі, фотозертханалардағы, радиотарату желілеріндегі жұмыстарға, сондай-ақ күзеттің

инженерлік-техникалық, сигнализация және байланыс құралдарын, көлік құралдарының барлық түрлерін және қебейтетін аппаратураны жөндеумен және пайдаланумен байланысты жұмысқа жіберілмейді.

93. Еңбек етуге ниет білдірген айыпталушылар тергеу изоляторы бастығының атына (еркін нысанда) өтініш жазады, ол оны үш жұмыс күні ішінде қарайды және тиісті шешім қабылдайды. Айыпталушыны мекемеде жұмысқа орналастыру мүмкіндігі болмаған кезде, оған тиісті түсіндірме беріледі.

12-тарау. Күдіктілер мен айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысу тәртібі

94. Күдіктілердің және айыпталушылардың некесін тіркеуді "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы кодексінің 233-бабына сәйкес осы тергеу изоляторы орналасқан аумақтағы азаматтық хал актілерін тіркеу органы (бұдан әрі – АХАТ) тергеу изоляторында жүргізеді.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Күдіктімен немесе айыпталушымен некеге тұрғысы келетін адам тергеу изоляторына тұрғылықты жері немесе тергеу изоляторы орналасқан орны бойынша АХАТ органы қуәландырған өтінішті (ерікті нысанда), сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізуі адамның немесе органның көрсетілген күдіктімен немесе айыпталушымен кездесуіне берген рұқсатын (ерікті нысанда) ұсынады. Некеге тұруға ниет білдіру туралы өтініш келіп түсken кезде тергеу изоляторының әкімшілігі оны күдіктіге немесе айыпталушыға өзіне қатысты бөлігін толтыру үшін береді.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2020 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. Өтінішке жетіспейтін мәліметтер енгізілгеннен кейін тергеу изоляторының әкімшілігі өтініште көрсетілген мәліметтердің күдіктінің немесе айыпталушының жеке ісіндегі құжаттармен салыстырады. Күдіктінің және айыпталушының қолының түпнұсқасы және көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы тергеу изоляторы бастығының қолымен қуәландырылады және мекеменің мөрі басылады, содан кейін әкімшілік неке қио туралы бірлескен өтінішті тергеу изоляторы орналасқан жер бойынша АХАТ органына жібереді.

97. Күдіктінің немесе айыпталушының жеке ісінде оның отбасылық жағдайы туралы мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттар болмаған жағдайда оларды туыстары берулері керек, ал олар болмаған жағдайда бұрынғы тұрғылықты жері бойынша АХАТ органына сұрау салу жолданады.

98. Күдікті немесе айыпталушы некеге тұруға ниет білдіру туралы (еркін нысанда) өтініш берген жағдайда, тергеу изоляторының әкімшілігі қүдіктінің немесе айыпталушының некеге тұрғысы келетін адамға осы өтінішті жолдайды. Бір уақытта көрсетілген адамға тергеу изоляторының орналасқан жері бойынша АХАТ органының атауы және мекенжайы хабарланады.

99. Мұндай өтініш алған адам некеге тұруға келіскең кезде оған қатысты бөлігін толтырады және өтініште көрсетілген қолдарды және мәліметтерді қуәландыру үшін өзінің тұрғылықты жері бойынша АХАТ органына береді, бұдан кейін оған тергеу изоляторының әкімшілігі хабарлаған АХАТ органына өтінішті жолдайды.

100. Тәртіптік жазасын тәртіптік изоляторда өтеп жатқан қүдіктімен немесе айыпталушымен некені тіркеу оның осы жазалау шарасын өтегеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

101. Тіркеуші орган қамаудағы адаммен неке қиоды (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркеуді өндірісінде іс бар адамға немесе органғахабарлағаннан кейін жүргізеді.

Тергеу изоляторларының әкімшілігі қылмыстық процесті жүргізуі адамның немесе органның рұқсаты болған кезде, некені тіркегеннен кейін қүдіктіге немесе айыпталушыға Заңның 17-бабына сәйкес жұбайымен (зайыбымен) кездесуге рұқсат етеді.

Ескерту. 101-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2020 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Некені бұзы үшін қүдікті немесе айыпталушы сотқа немесе кәмелетке толмаған балалары болмаса жұбайларының өзара келісімі болған кезде АХАЖ органына өтініш жолдайды.

103. Қүдіктілер мен айыпталушылар өзге де отбасылық-құқықтық қатынастарға қатысады.

104. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыру үшін қүдіктілер және айыпталушылар сенімхат жазады, оны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 167 бабына сәйкес тергеу изоляторының бастығы қуәландырады.

Сенімхат арналып жазылған адамға өндірісінде қылмыстық іс бар адам немесе орган арқылы беріледі.

105. Қүдіктіден немесе айыпталушыдан сенімхат алуға ниет білдірген азаматтар тергеу изоляторы әкімшілігі өкілінің жеке қабылдауына (еркін нысанда) өтінішпен жүгінеді не оны пошта арқылы жолдайды.

13-тaraу. Қүдіктілер мен айыпталушылардың газеттерге және журналдарға жазылуын жүргізу тәртібі

106. Айыпталушыларға Қазақстан Республикасының байланыс бөлімшелері арқылы таратылатын газеттер мен журналдарға жазылуға құқық беріледі.

107. Жазылуды ресімдеу үшін айыпталушы тергеу изоляторы бастығының атына өтінішпен жүргінеді. Жазылуға ниет білдірген адамға оның өз есебінен абонемент және жеткізу карточкасының бланкілері беріледі.

108. Жазылуды ресімдеуді тергеу изоляторының қызметкері айыпталушыныңжеке шотында бар қаражат есебінен байланыс бөлімшесінде жүргізеді.

109. Жазылуды басқа мекенжайға ауыстыру жазылушкиның жазбаша өтініші бойынша тергеу изоляторы әкімшілігінің рұқсатымен оның өз есебінен жүзеге асырылады.

110. Айыпталушының атына жазылуды оның туыстары немесе өзге адамдар ресімдейді.

111. Жазылу ресімделетін басылымдардың саны шектелмейді.

14-тарау. Күдіктілер мен айыпталушыларды медициналық-санитариялықпен қамтамасыз ету

112. Тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйымның медицина қызметкерлері күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторына келіп түскеннен кейін бір тәуліктен кешіктірмей міндепті медициналық қараудан, сондай-ақ уш жұмыс күні ішінде флюорографиялық және зертханалық тексеруден өтеді. Медициналық тексеруден өтпеген адамдар басқа күдіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұсталады. Медициналық тексерудің нәтижелері күдіктінің немесе айыпталушының медициналық амбулаториялық картасында белгіленеді.

Ескерту. 112-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйымның медицина қызметкеріне күнделікті камераларды аралаған кезде медициналық көмекке, ал ауру асқынған кезде тергеу изоляторының кез келген қызметкеріне жүгінеді. Күдікті немесе айыпталушы жүгінген қызметкер оған медициналық көмек көрсету үшін шаралар қабылдайды.

Ескерту. 113-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

114. Күдіктілер мен айыпталушыларға амбулаториялық жағдайда медициналық көмек камераларда, өзге де үй-жайларда, сондай-ақ тергеу изоляторларында орналасқан медициналық ұйымдардың мамандандырылған кабинеттерінде көрсетіледі. Дәрілік заттарды беру дәрігердің тағайындауы бойынша белгіленген мөлшердегеке-жеке қолхат арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

115. Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес қамауға алынған адамдардың туыстарынан алған дәрілік заттарды қабылдауы медициналық көрсеткіштер бойынша және тек тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйымның медицина қызметкерлерінің бақылауымен қатаң түрде жүзеге асырылады. Бұл ретте, дәрілік заттар тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйымда сақталады.

Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116. Мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін стационарлық жағдайларда тергеу изоляторларында ұсталатын адамдар (жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу) "Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № ҚР ДСМ-61 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №169472 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес аурулар бейіні бойынша денсаулық сақтау субъектілеріне жіберіледі.

Бұл ретте, көрсетілген адамдар жиналмалы күзет құралдарымен жабдықталған оқшауланған палаталарға жатқызылады.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.11.2023 № 790 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Медицина қызметкөрі күзетпен ұсталатын адамдардың, оның ішінде тергеу әрекеттерінен немесе сот отырыстарынан тергеу изоляторына келген адамдардың, оларда дene жарақаттары мен тері және жұқпалы аурулардың белгілерін анықтау мақсатында сыртқы қарауды өткізеді. Жұқпалы аурулар анықталған кезде олар дереу оқшауланады, эпидемияға қарсы кешенді іс-шаралар өткізіледі. Дене жарақаттарына қарау нәтижелері бойынша акті жасалады.

Дене жарақаттары табылған кезде медицина қызметкөрі медициналық көмек көрсетеді, бір тәулік мерзімде медициналық куәландыру жүргізіледі, оның нәтижелері қамауға алынған адамның амбулаториялық картасына жазылады. Тергеу изоляторының әкімшілігі күзетпен ұсталатын адамдарда дene жарақаттары табылуының әрбір фактісі туралы бір тәулік мерзімде жазбаша түрде прокуратураға хабарлайды.

118. Заңның 23-бабына сәйкес құдіктінің, айыпталушының дene жарақаттарын медициналық куәландыруды денсаулық сақтаудың мемлекеттік жергілікті басқару органының медициналық ұйымының қызметкерлері мынадай жағдайларда:

- 1) тергеу изоляторы бастығының шешімі бойынша;
- 2) күзетпен ұстau орындарында заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың нұсқауы бойынша;
- 3) өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның шешімі бойынша;
- 4) дene жарақатын алған құдіктінің немесе айыпталушының өтініші бойынша;

5) дene жарақатын алған құдіктінің және айыпталушының қорғаушысының өтініші бойынша жүргізеді.

119. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің қуәландыру жүргізулері үшін дene жарақатын алған адам не оның қорғаушысы тергеу изоляторы бастығының атына өтініш (еркін нысанда) береді. Өтініш бір тәулік ішінде қаралуы тиіс.

15-тaraу. Құдіктілер мен айыпталушыларды құнделікті серуенге шығару тәртібі

120. Құдіктілер мен айыпталушылар құнделікті ұзақтығы бір сағаттан кем емес, ал кәмелетке толмағандар Заңның 16 бабына сәйкес екі сағаттан кем емес серуендеуді пайдаланады. Серуендеудің ұзақтығын тергеу изоляторының әкімшілігінің құн тәртібі, ауа райы, мекеменің толтырылуын және басқа да мән-жайларды ескере отырып белгілейді. Жүкті әйелдердің және үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдердің серуендеу ұзақтығы үш сағатқа дейін ұзартылады.

121. Құдіктілер мен айыпталушыларға серуендеу көбіне тәуліктің жарық уақытында беріледі. Әр камераларда ұсталатын адамдарды серуендеуге шығару уақыты жылжымалы кесте бойынша белгіленеді.

Тергеу изоляторының ішкі тәртіптеме қағидалары бұзылған жағдайдас серуендеу мерзімінен бұрын аяқталады.

122. Серуендеу серуендеу аулаларының аумағында жүргізіледі, олардың сипаттамасы осы Ереженң 14 қосымшасында көрсетілген. Серуендеу аулалары отыруға арналған орындықтармен және жаңбырдан қоргайтын шатырмен жабдықталады. Серуендеу уақытында кәмелетке толмағандарға дene шынықтыру жаттығуларына және спорттық ойындарға мүмкіндік беріледі. Балалары бар әйелдерге арналған серуендеу аулалар көгалдандырылады және құмсалғышпен жабдықталады.

123. Құдіктілер мен айыпталушылар серуендеуді мезгілінен бұрын аяқтау үшін серуендеуге жауапты адамға тиісті өтінішпен жүгіне алады, ол тергеу изоляторы бастығының немесе оның орынбасарының назарына жеткізіледі. Көрсетілген лауазымды адам өтініштің мән-жайы бойынша шешім қабылдайды.

16-тaraу. Құдіктілер мен айыпталушылардың қорғаушылармен, туыстарымен және өзгеде адамдармен кездесулерін өткізу тәртібі

124. Құдіктіге немесе айыпталушыға туыстарымен және өзге де адамдармен кездесу Заңның 17 бабына сәйкес ұсынылады.

125. Тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары жазбаша түрде кездесуге рұқсат етеді және 15 қосымшага сәйкес нысан бойынша жалпы кезек есебімен оның ұзақтығын белгілейді.

126. Кездесу жалпы кезек тәртібінде ұсынылады. Кездесу басталар алдында оған келген адамдарға кездесу кезінде өзін өзі ұстасу тәртібітуралы хабарланады және оны бұзған жағдайда кездесудің тоқтатылатыны туралы ескертіледі.

127. Кездесуге жеке басын куәландыратын құжаттарының не мас күйінде келген азаматтар, сондай-ақ рұқсат қағазында көрсетілмеген адамдар кездесуге жіберілмейді. Транзитпен айдауылданған құдіктілер мен айыпталушы адамдарға кездесуге рұқсат берілмейді. Кездесуге рұқсат беруден бас тарту себептері кездесуге келген адамға жарияланады.

128. Құдіктілердің және айыпталушылардың туыстарымен және өзге де адамдармен кездесуі қандай да бір заттарды беруге жол бермейтін, бірақ сөйлесуге және көзбе көз қарым-қатынас жасауға кедергі келтірмейтін осы Ереженің қосымшасына сәйкес кездесу өткізу үшін жабдықталған бөлмелерде тергеу изоляторы қызметкерлерінің бақылауымен жүргізіледі.

Кұдіктілердің және айыпталушылардың кездесуге келген адамдармен сөйлесулері тікелей немесе сөйлесу құрылғылары арқылы жүзеге асырылады және тергеу изоляторының қызметкерлері тыңдай алады.

129. Құдікті мен айыпталушының қорғаушымен кездесуі жұмыс уақытында, бөлек, бөлу қалқаларының және олардың саны мен ұзақтығына шектеу қойылмай жүргізіледі. Кездесу тергеу изоляторының қызметкерінекұдіктіні, айыпталушыны және қорғаушыны көруге мүмкіндік беретін, бірақ сөздері естілмейтіндей жағдайларда жүргізіледі.

130. Құдіктімен немесе айыпталушымен кездесу іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокатқа "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген адвокат куәлігін және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаны көрсеткен кезде беріледі.

Қазақстан Республикасының КПК-нің 66-бабының екінші бөлігінің ережелеріне сәйкес іс бойынша қорғаушы болып танылған басқа адамға өзінің қылмыстық процеске қорғаушы ретінде қатысу құқығын раставтын және жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсеткен кезде.

Ескерту. 130-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

131. Құдіктілермен және айыпталушылармен кездесуге рұқсат алған адамдарға тергеу изоляторлары бастығының немесе оны алмастыратын адамның рұқсатының тергеу изоляторына техникалық байланыс құралдарын, компьютерлерді, кино-, фото-, аудио-, бейне және көбейткіш аппаратураларды алып кіруге және оларды кездесу кезінде пайдалануға рұқсат берілмейді.

132. Туыстарымен және өзге де адамдармен кездесу Заңынң 17-бабына сәйкес мерзімнен бұрын тоқтатылады.

133. Кездесуді уақытынан бұрын тоқтатқан жағдайда тергеу изоляторының оны өткізуге жауапты қызметкері бұл туралы тергеу изоляторының бастығына кездесуді тоқтату себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде баяндайды.

134. Күдіктілермен және айыпталушылармен қысқа мерзімге кездесулерді тоқтатқан жағдайда (карантинге, ерекше жағдайлар режимін енгізуге байланысты және басқа да себептермен) тергеу изоляторының бастығы бұл туралы тергеу изоляторында зандылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға, тиісті сот және тергеу органдарына хабарлайды, қабылдау бөлмесінде келушілер үшін хабарландыру іледі.

17-тaraу. Күдіктілердің, айыпталушылардың тергеу амалдарына және сот отырыстарына қатысуларын қамтамасыз ету тәртібі

135. Тергеу изоляторының әкімшілігі қылмыстық іс жүргізетін судьялардың, прокурорлардың, тергеушілердің, анықтау жүргізетін адамдардың жұмыс уақытында күдіктілермен және айыпталушылармен тергеу амалдарын жүргізу үшін тергеу изоляторына кедергісіз келуін қамтамасыз етеді.

136. Кезекші ауысымдардың кезекшілікті тапсыру-қабылдау кезінде (бір сағаттан көп емес), күн тәртібіне сәйкес тамақ ішу кезінде (таңғы, тұскі, кешкі ас), сондай-ақ түнгі уақытта (кешкі сағат 22.00-ден таңғы сағат 6-ға дейін) ҚР ҚІЖК-мен көзделген жағдайларды қоспағанда, күдіктілердің жағдайларды камералардан кездесуге шығару жүргізілмейді. Көрсетілген уақытта шақыртулар бойынша шығарылған күдіктілер мен айыпталушылар камераларға қайтарылады.

137. Тергеушінің, анықтауды жүргізетін адамның, прокурордың немесе соттың (судьяның) нұсқауы бойынша тергеу амалдарын, амбулаторлық сот-психиатриялық және басқа да сараптамаларды өткізу үшін тергеу изоляторының аумағында оның әкімшілігі:

- 1) жабдықталған үй-жай береді;
- 2) күдіктің немесе айыпталушыны жеткізеді және оның күзетін қамтамасыз етеді;
- 3) тергеу изоляторына тергеу амалдарына қатысуға тартылған өзге де адамдардың кіруін қамтамасыз етеді;
- 4) күдіктің, айыпталушының мекеменің қоймасында сақталған немесе өзінің жеке пайдалануындағы мүлкіне тінту жүргізеді, алады, тыйым салады.

138. Күдіктілер және айыпталушылар тергеу изоляторының әкімшілігінен қолда сактау үшін мына құжаттарды қолхат арқылы алады:

- айыптау актісінің көшірмесі;
тергеушіні, анықтаушыны, қорғаушыны, судьяны ауыстыру туралы хабарлама;
Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы ҚҚ) басқа бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу басталғаны туралы қаулының көшірмесі;

үкімнің немесе сот ұйғарымының көшірмесі.

139. Апелляциялық және кассациялық инстанцияның істі қарауы туралы хабарлама; күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы хабарлама; бір органнан басқа органға ауыстыру туралы хабарлама күдіктілерге және айыпталушыларға қолхат арқылы жарияланады және олардың жеке істеріне тігіледі.

140. Күдіктілер мен айыпталушылар тергеу амалдарын жүргізуге және сottарға жөнелтілер алдында заттай нормаларға сәйкес тамақпен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.11.2023 № 790 (алғаш ресми жарияланған қуннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-тaraу. Күдіктілерге және айыпталушыларға көтермелегу және жазалау шараларын қолдану тәртібі

141. Көтермелегу және жазалау шаралары тергеу изоляторында ұсталатын барлық күдіктілерге және айыпталушыларға Заңың 37-39-баптарына сәйкес қолданылады.

142. Сөгіс тергеу изоляторы бастығының қаулысымен беріледі. Тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына қамау түріндегі жаза тергеу изоляторы бастығының дәлелді қаулысымен осы Ереженің 17-қосымшасына сәйкес нысан және медицина қызметкерінің күдіктінің немесе айыпталушының онда болу мүмкіндігі туралы қорытындысы бойынша беріледі. Жаза беру туралы қаулылар қолхат арқылы жарияланады. Қаулының көшірмесі тексеру материалдарымен бірге осы адамның жеке ісіне тігіледі.

Тергеу изоляторының бастығы болмаған жағдайда күдіктілер немесе айыпталушылар кезекші көмекшінің баянаты бойынша тәртіптік изоляторға, тергеу изоляторының бастығы келгенге дейін, бірақ 24 сағаттан аспайтын мерзімге қамалады.

Ауызша жарияланғандардан басқа барлық көтермелегулар мен жазаларды корпус бойынша аға қызметкер камералық карточкаларға енгізеді және осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы есепке алу бөлімінің қызметкері жүргізетін күдіктілердің және айыпталушылардың жазаларын және көтермелегуларін есепке алу кітабында есепке алынады.

Сипаттамасы осы Қағидаларға 19-қосымшада көрсетілген тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына қамауға жазаланған адамдарға мұқият тінту жүргізіледі және олар қажеттілігіне қарайтәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына бекітілген киімдерді киеді.

Тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына қамалған адамды санитариялық тазалау, ол жазаларын өтегеннен кейін, ал дәрігердің нұсқауы бойынша оны тәртіптік изоляторда немесе уақытша оқшаулау үй-жайында ұстау кезеңінде де

жүргізіледі. Дәрігердің науқастанғанды тәртіптік изолятордан немесе уақытша оқшаулау үй-жайынан мерзімінен бұрын босату қажеттілігі туралы нұсқауы деруе орындауға жатады.

143. Тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына қамалған адамды тергеушіге немесе сотқа шығару, сондай-ақ тергеу изоляторынан уақытша кетуі оны салынған жазаны одан әрі өтеуден босатпайды.

19-тарау. Тергеу изоляторы бастығының немесе оған уәкілетті адамдардың күдіктілерді және айыпталушыларды жеке қабылдау тәртібі

144. Тергеу изоляторы бастығының немесе оған уәкілетті адамдардың күдіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауы демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күнделікті жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

145. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдау күдіктілер мен айыпталушылардың назарына жеткізілетін кесте бойынша жүргізіледі. Қажет болған кезде, күдіктілердің және айыпталушыларды жеке қабылдау кестеден тыс қосымша өткізіледі.

146. Күдіктілерді және айыпталушыларды жеке қабылдауға жазуды тергеу изоляторының қызметкерлері күн сайын камераларды аралаған кезде жүзеге асырады. Қабылдау туралы өтініш тергеу изоляторы бастығының атына жазбаша түрде беріледі немесе ауызша айттылады және күдікті мен айыпталушы қабылдауына барғысы келген лауазымды адамды көрсете отырып жеке қабылдау журналында кезектілік тәртібінде тіркеледі.

147. Қабылдау өтініш беру кезектілігінің тәртібінде өткізіледі. Қабылдау аяқталған соң журналда және жеке қабылдау туралы өтініште оның нәтижелері жазылады. Өтініш күдіктің, айыпталушының жеке ісіне тігіледі.

20-тарау. Тергеу изоляторларында қайтыс болған күдіктілер мен айыпталушылардың мәйіттерін беру тәртібі

148. Тергеу изоляторының әкімшілігі күдіктің және айыпталушының қайтыс болуы туралы оның жеке ісінде көрсетілген туыстарына, осы факті бойынша тексеру жүргізетін прокурорға, сондай-ақ өндірісінде қылмыстық іс бар адамға немесе органға деруе хабарлайды.

Егер қайтыс болған адамның туыстары тергеу изоляторы орналасқан қалада түрмаса, хабар пошта арқылы жіберіледі.

Ескерту. 148-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2018 № 838 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

149. Құдіктінің және айыпталушының мәйіті алуды талап еткенге дейін, бірақ жеті тәуліктен асырылмай не үәкілетті органның қайтыс болу фактісі бойынша тексеру аяқталғанға дейін жақын жердегі денсаулық сақтаудың медициналық ұйымындағы мәйітханаға сақтауға тапсырылады. Қайтыс болған адамның мәйітін алуға оның жақын туыстарының айрықша құқығы бар. Олар болмаған немесе мәйітті алудан бас тартқан кездемәйітті беруді талап еткен адамға беріледі.

Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

150. Мәйітті беру өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның рұқсатымен талап еткен адамның жазбаша өтініші бойынша жүзеге асырылады. Мәйітті алу үшін жеке басын куәландыратын құжатты көрсету керек.

151. Қайтыс болған адамның туыстарына немесе өзге де адамдарға қайтыс болғаны туралы қуәлік алу тәртібі тусіндіріледі. Жерлеу жабдықтарымен мәйітті беруді талап еткен адам қамтамасыз етеді. Жерлеу оның есебінен жүзеге асырылады.

152. Егер қайтыс болған адамның туыстары немесе өзге де адамдар мәйітті алуға уақтылы келе алмаса, олар бұл туралы хабарлауы және мәйітті белгіленген уақыттан артық сақтау құнын төлеуі тиіс.

153. Қайтыс болған құдіктінің және айыпталушының көрсетілген мерзімде талап етілмеген мәйіті мемлекет есебінен жерлеуге беріледі.

21-тaraу. Құдіктілерді және айыпталушыларды күзетпен ұстаудан босату тәртібі

154. Құдіктілерді немесе айыпталушыларды күзеттен босатуды тергеу изоляторының бастығы тергеушінің, анықтаушының, прокурордың немесе судьяның дәлелді қаулысын алғаннан кейін не соттың дәлелді қаулысы бойынша жүзеге асырады.

155. Тергеу изоляторының бастығы құдіктіні немесе айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімі өткенге дейін 24 сағаттан кешіктірмей бұл туралы өндірісінде қылмыстық іс бар органға немесе адамға, сондай-ақ прокурорға жазбаша хабарлайды.

156. Бұлтартпау шаралары ретінде күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тергеу судьяның қаулысын факсимильдік байланыс бойынша қабылдауға болады, қаулының түпнұсқасы пошта бойынша қабылданады. Егер бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау мерзімі өткеннен кейін құдіктіні немесе айыпталушыны босату туралы не бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім келіп түспесе тергеу изоляторының бастығы оны өзінің қаулысымен босатады, оның көшірмесін 24 сағат ішінде өндірісінде қылмыстық іс бар органға немесе адамға және прокурорға жібереді.

157. Құдіктіні мен айыпталушыны нақты босатуға дейін күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тергеу судьясының қаулысы келіп түскен жағдайда тергеу изоляторының бастығы өзінің қаулысының күшін жояды, ол туралы прокурорға хабарлайды.

158. Күзеттен босатылған құдіктіге немесе айыпталушыға жеке құжаттары, заттары, жеке шотында сақталған ақшалары, сондай-ақ оның күзетпен ұсташа мерзімі және босату негіздері көрсетілген анықтама беріледі.

159. Күзеттен босатылған құдіктілердің немесе айыпталушылардың жеке шотында жеткілікті ақша сомасы болмаған кезде тұрғылықты жеріне теміржол, автомобиль немесе су көлігімен бару жолында жол жүрумен, тамақпен, сондай-ақ маусым бойынша киім және аяқ киіммен қамтамасыз етіледі.

Босатылатын адамды тамақпен, киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз ету заттай нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Мекеме әкімшілігі босатылғанға дейін он күн ішінде босатылатын адамға Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына дейін жол жүру билетін сатып алады.

Ескерту. 159-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.11.2023 № 790 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
1-қосымша

Күдіктілердің және айыпталушылардың тергеу изоляторларындағы мінезд-құлық қағидалары

1. Тергеу изоляторларында ұсталатын құдіктілер мен айыпталушылар:

1) Заңмен және осы Қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленген қамауда ұсташа тәртібін сақтайды;

2) тергеу изоляторы әкімшілігінің заңды талаптарын сақтайды;

3) гигиена және санитария талаптарын сақтайды;

4) күнделікті серуенге шығады (серуеннен босатуды медициналық қызметкердің қорытындысы бойынша тергеу изоляторының бастығы жүзеге асырады);

5) өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтайды;

6) тергеу изоляторының мүлкіне ұқыпты қарайды;

7) кезектілік тәртіpte камераларды және басқа да үй-жайларды тазалайды;

8) тергеу изоляторы қызметкерлерінің, құдіктілердің және айыпталушылардың, сондай-ақ өзге де адамдардың ар-намысын қорлайтын әрекеттер жасамайды;

9) тергеу изоляторының қызметкерлеріне, сондай-ақ күзетпен ұсташа тәртібін қамтамасыз ететін өзге адамдарға қызметтік міндеттерін атқаруда кедергі келтірмейді;

10) белгіленген күн тәртібін сақтайды;

11) камераға тергеу изоляторының қызметкерлері кірген кезде олардың командасы бойынша орнынан тұрады және көрсетілген орында қатарға тұрады;

12) алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 06.11.2019 № 972 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13) айдауылмен жүрген немесе тергеу изоляторының қызметкерлері ілесіп жүрген кезде қолдарын артында ұстайды;

14) тергеу изоляторы қызметкерлерінің, өзге де лауазымды адамдардың талабы бойынша өзінің тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) айтады;

15) тыныштық сақтайты;

16) кезектілік тәртіпте камера бойынша кезекшілік атқарады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 06.11.2019 № 972 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Камера бойынша кезекші:

1) камераға тергеу изоляторының қызметкерлері кірген кезде камерада отырған құдіктілердің және айыпталушылардың саны туралы баяндайды;

2) камера мүкәммалының, жабдықтарының және басқа мүлкінің сақталуын бақылайды;

3) камерада ұсталатын адамдар үшін ыдыс алады және оны тапсырады;

4) камерада тазалықты бақылайды;

5) камерада еден сызырады және жуады, камераның сантехникалық торабын, серуендеу аяқталғаннан кейінсеруендеу ауласын тазалайды;

6) ауыз суға арналған ыдысты жуады.

3. Құдіктілердің және айыпталушылардың тәртіп бұзуы болып табылады:

1) тергеу изоляторының басқа камераларында немесе өзге де үй-жайларында ұсталатын адамдармен серуендеу аулаларында сөйлесуі, оларға қандай да бір заттарды беруі, тықылмен белгі беруі немесе олармен хат алмасуы;

2) сөйлесудің белгіленген тәртібін бұзуы, бостандықта жүрген немесе бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға қандай да бір заттар беруі және олармен хат алмасуы;

3) әкімшіліктің рұқсатынсыз камералардан және режимдік корпустардың басқа да үй-жайларынан шығуы;

4) тергеу изоляторлары обьектілерінің күзет желісін бұзуы;

5) алкогольдік ішімдіктерді, есірткі және психотроптық заттарды дайындауды және пайдалануы;

6) материалдық немесе өзге де табыс табу мақсатында үстел ойындарын ойнауы;

7) өзіне немесе басқа адамдарға татуировкалар жасауы;

8) әкімшіліктің рұқсатынсыз жатын орындарына перде ілуі және ауыстыруы;

9) қолдан жасалған электр құралдарын пайдалануы;

10) әкімшіліктің рұқсатынсыз электр құралдарын пайдалануы;

- 11) камерада ашық от жағуы;
- 12) жануарлар ұстасуы;
- 13) әкімшіліктің рұқсатынсыз сантехника, жарық бергіш және басқа да құралдарды жөндеуі немесе камера жарығын реттеуі;
- 14) камераларда сантехникалық тораптарды ластауы;
- 15) камералардың қабыргаларынан тергеу изоляторларында ұсталатын құдіктілердің және айыпталушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты алғып тастауы;
- 16) қабыргаларды, камера мүкаммалын қағазбен, фотосуреттермен, суреттермен, газет және журнал қындыларымен желімдеуі, оларға жазу жазуы немесе суреттер салуы;
- 17) тыныштықты бұзуы;
- 18) тергеу изоляторының аумағында қозғалу кезінде саптан шығуы, темекі шегуі, сөйлесуі, камера тесігінен сығалауы, қандай да бір заттарды жоғары көтеруі, дабыл сигналізациясының түймесін басуы;
- 19) терезелерден бірдене тастауы, терезе алдына шығып тұруы, желдеткіштен басын шығаруы, есіктің "көзшесіне" жабыса тақалуы, "көзшени" жабуы;
- 20) жеке пайдалану заттарын сатуы, сыйлауы немесе өзге де тәсілмен иеліктен шығаруы;
- 21) өз өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қасақана іс-әрекеттер жасауы;
- 22) медициналық қызметкердің ұсынымы бойынша тергеу изоляторы бастығының рұқсатынан басқа, күн тәртібімен ұйықтауға бөлінбеген уақытта жатын орындарын пайдалануы;
- 23) камераларда арнайы бөлінбеген орында және уақытта темекі шегуі (темекі шегуге арналған орынды тергеу изоляторының әкімшілігі белгілейді);
- 24) тамақ дайындауы;
- 25) камераларда киім, аяқ киім және іш киім жууы.

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
2-косымша
нысан

Тергеу изоляторын инспекциялайтын адамдардың ескертулері мен ұсыныстарының кітабы

(тергеу изоляторының атауы)

" " басталды
" " аяқталды

p/c №	Күні	Инспекцияла й ти н адамның лауазымы, ТАӘ (әкесінің аты болған жағдайда), атағы	Ескертулерді н мазмұны	Ұсыныстар	Орындау мерзімі	Қабылданған шаралар
-------	------	---	---------------------------	-----------	--------------------	------------------------

Ескертпе:

1. Кітап нөмірленеді, тігіледі, тиісті қолмен қуәландырылады және сүргішті мөр қойылады. Кітап тергеу изоляторының бастығында сақталады.

2. Кітап қарау үшін және тергеу изоляторларын инспекциялауға құқығы бар адамдарға онда тиісті жазбалар жазу үшін ұсынылады.

3. Инспекциялайтын адамкітапқа өзқұзынетініңшегінде барлық мәселелер бойынша негізгі ескертулері мен ұсыныстарын енгізеді. Бұл ретте анықталған кемшіліктерді жою мерзімдері көрсетіледі.

4. Тергеу изоляторының бастығы инспекциялайтын адам белгілеген мерзімде кемшіліктердің жойылғаны туралы жоғары тұрған бастыққа баяндайды.

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
3-қосымша
нысан

Бекітемін

Тергеу изоляторының бастығы

(лауазымы, қолы, тегі)

жылғы " " _____

Камера бойынша орналастыру жоспары

Бөлек ұсталады	Камера №	Камерадағы орын саны	Ескертпе
1	2	3	4

Жоспар камера бойынша кезекші бөлімнің, жедел қызмет, режимдік және арнайы есеп сейфінде орналасқан,

Тергеу изолятор бастығының орынбасары

(атақ, қол, тегі)

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
4-қосымша

Жалпы камераларды жабдықтау

Күдіктілер менайыпталушылар ұсталатын камералардың құрылышы сыртқы қоршаған ортадан және жапсарлас үй-жайлардан сенімді оқшаулауды қамтамасыз етеді. Камералардың жоспарлану нысаны есіктің "көзшесі" арқылы олардың неғұрлым жақсы көрінуін қамтамасыз етеді.

Камералардағы есік көлемі 90x200 сантиметр (бұдан әрі - см.) екі жақты болады. Еден деңгейінен 95 см. биіктікте 18x22 см тамақ таратуға арналған терезе орналасады. Жалпы камераларды көлемі 1,88x0,65 метр жоспарында екіқабатты кереуеттермен, бір адамға 0,4 метр үстел периметрінің есебіндегі үстелдермен және ағаш орындықтармен ұзына бойы 1метрге 5 орын есебіндегі киім ілуге арналған шкафпен жабдықтау қажет. Камералардың барлық жабдықтары еденге бекітіледі.

Әр камерада қолжуғыштан және унитаздан тұратын санитариялық торап жабдықталады. Санитариялық торап бөлгішпен бөлініп тұрады.

Терезенің ішкі жағынан терезе тесігіне қолжетімділіктішектейтін, қабырғадан 25x30 см. бері шығып тұратын тор қойылуы тиіс. Барлық камераларға боялған еден салу қажет.

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
5-қосымша
нысан

Санкциялаймын _____
Прокурор _____
(коло, тегі)
_____ жылғы " ____ "

Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Занының 31-бабы тәртібінде күдіктіңі, айыпталушыны жалғыз адамдық камераға ауыстыру туралы қаулы

Ескеरту. 5-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

Күдікті, айыпталушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

(жалғыз адамдық камерада ұстау үшін негіз болған

мән-жайлар жазылады)

Қаулы етті:

Күдікті, айыпталушы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

одан әрі жалғыз адамдық камерада ұсташа үшін ауыстырылсын.

Тергеу изоляторының бастығы _____

(атағы, тегі, қолы)

_____ жылғы "_____" _____

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
6-қосымша

Күдіктілер мен айыпталушылардың өздерінде болуға, сақтауға, сауқаттар, сәлемдемелер арқылы және қолма-қол төлемсіз сатып алуға рұқсат етілген тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажетті заттардың, аяқ киімнің, киім-кешектің және басқа да өнеркәсіптік тауарлардың тізбесі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2020 № 652 (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бүйрықтарымен.

Күдіктілер мен айыпталушылар өздерінде болуға, сақтауға болатын, сауқаттар, сәлемдемелермен және қолма-қол төлемсіз ала алатын заттар:

- 1) жылды тууды талап ететін, сақтау мерзімі өткен, сондай-ақ ашытқы, алкогольдік ішімдіктерден және сырадан басқа тамақ өнімдері;
- 2) темекі бұйымдары, сіріңке (темекі бұйымдары 2 кг, темекі немесе папирос 20 қораптан аспауы тиіс);
- 3) белдіксіз, галстуксіз, тартпасыз киімдердің бір жиынтығы (оның ішінде белгіленген үлгідегі), сондай-ақ бас киім, маусым бойынша аяқ киім (супинаторсыз, темір тағасыз);
- 4) бір жиынтық спорт костюмі немесе әйелдердің үйге киетін халаты (белгіленген үлгідегі киім алған күдіктілерден және айыпталушылардан басқа);
- 5) іш киімдер;
- 6) шұлық;
- 7) шұлықтар немесе колготкалар (әйелдерге арналған);
- 8) қолғаптар немесе биялайлар;

- 9) бет орамалы;
- 10) бөлме аяқ киімдері немесе спорттық аяқ киімдер (бір жұп);
- 11) жуыну жабдықтары (иіс, шаруашылық сабыны, сұйық сабын немесе су сабын (тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйым дәрігерінің тағайындауы бойынша) тіс пастасы, тіс щеткасы, сабынға және тіс щеткасына арналған пластмасса қораптар, крем, тарауыш тарак);
- 12) қалта айнасы (камерада айна болмаған жағдайда), электр немесе бір ретпайдаланылатын қауіпсіз ұстара;
- 13) заттарға арналған қап немесе сөмке;
- 14) көзілдірік және көзілдірікке арналған пластмасса қорап;
- 15) үшбұрышты орамал, рейтуз, белдік, бюстгалтерлер, дәке, шашқыстырыш, мақта, гигиеналық және косметикалық заттар (әйелдерге арналған);
- 16) балдақ, ағаш қолтаяқ, протездер, мүгедектер арбалары, оправасы бағалы емес металдардан жасалған көзілдіріктер, көзге салынатын линзалар және оларды күтіп-баптау құралдары (дәрігердің рұқсаты бойынша);
- 17) зауытта жасалған тұрмыстық электр қайнатқыш;
- 18) жөке немесе ысқыш;
- 19) шарикті автокаламсап, оның стерженьдері, қарындаштар;
- 20) хат жазатын қағаз, оқушы дәптерлері, пошта конверттері, ашық хаттар, пошта маркалары;
- 21) тергеу изоляторының дүкенінен (дүңгіршегінен) немесе электрондық сауда алаңынан сатып алғынған дәретхана қағазы;
- 22) бірыңғай ақ түсті төсек жабдығының бір жиынтығы (екі жайма және жастық тысы), сұлгі;
- 23) тергеу изоляторының кітапханасынан не әкімшілік арқылы сауда желілерінен сатып алғынған көркем және өзге де әдебиет, сондай-ақ мерзімді баспа басылымдары;
- 24) фотокарточкалар екіден аспауы керек;
- 25) үстел ойындары (дойбы, шахмат, домино, нард);
- 26) бала құтуге арналған заттар (дәрігердің рұқсаты бойынша үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдер);
- 27) тергеу изоляторында орналасқан медициналық ұйымның дәрігері тағайындаған дәрілік заттар.

Тамақ өнімдерінің тізбесі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың уәкілетті органының нұсқамасы бойынша шектеледі. Күдіктінің және айыпталушының өзімен бірге сақтай алатын тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажетті заттардың, аяқкиімнің, киім-кешектің және басқа да өнеркәсіптік тауарлардың жалпы салмағы 35 килограмнан, оның ішінде кофе мен шай 2 килограмнан аспауы тиіс. Осы Тізбеде көзделмеген заттар және құралдар тыйым салынған заттар болып табылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
7-қосымша
нысан

Акт

Біз, төменде қол қойған комиссия құрамында _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
күдіктіден, айыпталушыдан(сақтауға қабылдадық)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
құндылықтарды, ақшаны (_____) _____ сомасында,
_____ заттар мен тамақ
өнімдерінде қоюды

жүргіздік, "Қылмыс жасауда күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстаудың
тәртібі мен


шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына сәйкес
санамаланады.

Барлығы берілгені: _____ құндылықтар атауы, _____ ақша,
Тамақ өнімдерінің, заттардың атауы _____

(саны)
бердім: _____ (тегі, аты, қолы)
қабылдадым: _____ (тегі, аты, қолы)
қатысқандар: _____ (тегі, аты, қолы)
20 ____ жылғы "___" _____

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
8-қосымша
нысан

Кереуекті жинау ҮЛГІСІ



Кереуетті жинау үлгісінің сипаттамасы

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
9-қосымша

Қосымша ақылы қызмет көрсету тізбесі және тәртібі

1. Заңның 25-бабына сәйкес тергеу изоляторларының әкімшілігі құдіктілерді, айыпталушыларды және сотталушыларды тиісті жағдайлар болған кезде мынадай қосымша ақылы тұрмыстық, медициналық, сауықтыру және өзгеде қызмет түрлерімен қамтамасыз етеді:

- 1) емдеудің жекелеген түрлері;
- 2) денсаулық сақтау органдарының дәрігер-мамандарының консультациялары;
- 3) киім және іш киімді жуу және жөндеу;
- 4) аяқ киім жөндеу;
- 5) уақытша пайдалануға электр ұстараларын, электржелдеткіштер, тоңазытқыштар беру;
- 6) заң консультациялары;
- 7) мекемеде ұсталатын адамдардың жеке ісінде бар құжаттардың көшірмелерін түсіру.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2. Құдіктілерге, айыпталушыларға және сотталушыларға қосымша ақылы қызметті тергеу изоляторларының қызметкерлері және осы мақсаттар үшін тартылған тиісті даярлығы мен лицензиясы бар мамандар көрсете алады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

3. Қосымша ақылы қызметті алу үшін құдікті, айыпталушы немесе сottалушы тергеу изоляторы бастығының атына оның жеке шотынан ақылы қызметті көрсетуге ақшаны алуға өтініш жазады. Тергеу изоляторының жауапты қызметкері құдіктінің, айыпталушының немесе сottалушының жеке шотында тиісті ақшаның бар-жоғын тексереді және өтінішке белгі қояды, содан кейін тергеу изоляторының бастығы өтініштің мәні бойынша шешім қабылдайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 23.05.2022 № 369 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

4. Қызмет көрсету төлемі сол жердегі қолданыстағы бағаларға сәйкес жүргізіледі.

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
10-қосымша
нысан

Жеке шотында _____ тенге № _____ камера түбір. _____
_____ бар. _____
(құдіктінің, айыпталушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Бухгалтер _____
_____ жылғы "___" _____

Өтініш

Төмендегі тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажетті заттарды сатып ауды сұраймын:

p/c №	Тамақ өнімдерінің немесе заттардың атауы	Канша сатып алу талап етіледі	Жіберілген саны (салмағы)	Құны (тенге)
1	2	3	4	5

Барлығы:

Ескертпе:

Құдікті, айыпталушы 2 және 3-бағандарды толтырады.

Құдіктінің немесе айыпталушының қолы _____

сомасы _____ тенгеге азық-түлікті және бірінші кезекте
(жазбаша)

қажетті заттарды алғандығы туралы қолхат.

Бұл соманы менің жеке шотымнан ауды сұраймын

_____ (құдіктінің немесе айыпталушының қолы)

_____ жылғы "___" _____

Қылмыстық-атқару жүйесі

тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
11-қосымша

Сәлемдемелерді қабылдау бөлмесіндегі жиһаздың және мұкаммалдың тізбесі

1. Сәлемдемелерді тексеруге арналған үстел;
2. Сәлемдемелерді қоюға арналған сөрелер;
3. Тара, камераларға сәлемдемелерді жеткізуге арналған себеттер, сөмкелер;
4. Тоңазытқыш;
5. Пышақтардың, қасықтардың, ыдыстардың және т.б. қажетті саны;
6. Қолжуғыш, айна, сабын, орамал;
7. Таразы, гір жиынтығы;
8. Бақылаушыларға арналған ақ халаттар және бас киімдер.

Қылмыстық-атқару жүйесі

тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
12-қосымша

нысан

Отініш

Азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

мекенжайы бойынша тұратын

(тұратын жерінің мекенжайы)

Күдіктіге, айыпталушыға арналған сәлемдемені қабылдауынызды өтінемін

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(туған жылы)

Сәлемдемедегі азық-түліктердің тізілімдемесі:

p/c №	Азық-түліктердің немесе заттардың атауы	Салмағы (кг,г)	Саны	Ескертпе
1	2	3	4	5

Отініш берушінің қолы _____
жылғы "___"

Сәлемдемені қабылдадым _____

(сәлемдемені қабылдаған қызметкердің қолы)

Сәлемдемені алдым _____

(сәлемдемені алған күдіктінің немесе айыпталуышының қолы)

жылғы "___" ____

Қылмыстық-атқару жүйесі

тергеу изоляторларының ішкі

тәртіптеме қағидаларына

13-қосымша

Азық-тұлік және заттай сәлемдемелер мен сауқаттарды тексеру тәртібі

1. Нан тағамдары (бөлкелер, батондар, және т.б.) екі, үш бөлікке бөлінеді.
2. Сүйиқ тамақтар тергеу изоляторының ыдысына құйылады.
3. Консервілер ашылады да және басқа ыдысқа салынады.
4. Балық екі, үш бөлікке бөлінеді.
5. Шұжық тағамдары бірнеше бөліктерге бөлінеді.
6. Шашылатын заттар қайта салынады.
7. Көмпитеттер орамсыз қабылданады.
8. Хат алмасуды және тыйым салынған заттарды жасыру үшін пайдаланылатын басқа да барлық азық-тұліктер осы тәртіпте тексерілуі тиіс. Тексеру азық-тұліктердің өз сапасын жоғалтпайтында жүргізіледі.
9. Заттар және құралдар да мұқият тексерілуі тиіс.

Қажет болған жағдайда іздеу құралдары пайдаланылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі

тергеу изоляторларының ішкі

тәртіптеме қағидаларына

14-қосымша

Серуендеуаулаларының сипаттамасы

Серуендеуаулаларын әдеттегідей режимдік корпустардың жоғарғы қабаттарында орналастыру қажет. Мүмкіндік болмаған жағдайда олар режимдік аулада орналасады және жерасты және жерүсті жолдар корпустарымен бірлесіп немесе оларға толықтай жабысып тұру керек.

Серуендеуге шығатын әр қамаққа алынғанғасеруендеуауласы 2,5-3 шаршы метр ($\text{бұдан } \text{әрі} - \text{m}^2$) болуы тиіс. Серуендеуауласының ең аз көлемі - 12 m^2 .

Серуендеуауласының үстінгі жағында металл жиек жапсырылады, ұяшығы 17x17 сантиметрден аспайтын металл торлар құйылады, ұяшығы 5x5 сантиметрден аспайтын "Рабица" типтес металл тор бекітіледі.

Серуендеуаулаларының есігі камера типтес желдеткішсіз жабдықталады. Әрбір серуендеу ауласының ортасында еденге жақсы жапсырылған орындықтар қойылады. Серуендеу аулаларының үстінгі жағында бақылаушыларға қарама-қарсы жерде атмосфералық жауын-шашыннан тасалау үшін ені 1, 2 метрдей жеңіл шымылдықтар ілінеді.

Серуендеу аулаларынан міндettі түрде су көзімен қамтамасыз етілуі керек.

Науқастарға, балалары бар әйелдер мен жұкті әйелдерге арналған серуендеу аулаларына шөп, гүл егуге рұқсат етіледі.

Балалар үшін құмдағыштар орнатылады.

Серуендеу аулаларының үстінгі жағында серуендеу аулаларында жүрген барлықкамаққа алынғандарды әр уақытта бақылаушының қадағалауында болу үшін тұғыр орнатылады. Бақылаушының бекетінде күзет-дабыл сигналы және аппараты немесе кезекшімен телефонмен байланысу үшін розеткалар орнатылады.

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі

тәртіптеме қағидаларына

15-қосымша

нысан

№ _____

(облыс атауы)

тергеу изоляторларының бастығына

Тұыстарымен және өзге де адамдармен кездесуге рұқсат қағазы

Ескерту. 15-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2020 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Азамат(ша) _____

_____(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы ҚК-нің _____ бабында көзделген қылмысты жасаганы үшін жазаға

тартылған, ____ жылғы "—" _____ туған,

_____(қылмыстық процесті жүргізетін органның атауы)

тіркелген _____ -мен кездесуге
руқсат етілгенін

(күзетпен ұсталатын адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
хабарлаймыз.

ҚОЛЫ _____

(қылмыстық процесті жүргізетін адамның лауазымы, тегі)

20 ____ жылғы "___" _____

КЕЛІСЕМІН

ҚОЛЫ _____

(қылмыстық процесті жүргізетін орган басшысының лауазымы, ТАӘ (болған жағдайда)

20 ____ жылғы "___" _____

Қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
16-қосымша

Кездесу өткізуге арналған бөлмелерді жабдықтау

Кездесу өткізу бөлмесінде сөйлесу құрылғысы бар кабиналар орнатылады.

Әрбір кабина ені 80 сантиметр (бұдан әрі - см) және ұзындығы 1 метр метал каркастан, қалқан элементтерден және үстел мен қайырмалы орындықтардан тұрады. Кездесуге екі туысы балаларымен келген жағдайға 2-3 кабина ені 140 см жасалады. Барлық кабиналар өзара еденнен төбелеңдейтін қалқамен бөлінеді. Кабинаның каркасы және қайырмалы орындықтар бұрыштық және жапырақшаболаттан құйылады, үстелдер ағаш талшықты плиталардан дайындалады. Кабиналар арасындағы қалқаларбіктігі 80 см мықты тақтайдан сыртын пластиктен қаптай отырып жасалады, ал одан жоғары олар органикалық шыныдан жасалады. Туыстары мен қамаудағылар арасындағы қалқаларда екі жағы шыныланған декоративті металл тор орнатуға жол беріледі. Келушілерге арналған кабиналар жеңіл жабылғышы жоқ есіктермен жабдықталады.

Кабиналар блоктарының шетінде есту, ескерту және сөйлесуді үзуге арналған құрылғымен бақылаушының орны жабдықталады. Кабиналардың саны 10-нан асса бақылаушының орны кабиналар блогының ортасында мықты металл тормен жабдықталады. Бақылаушының жұмыс орнының ауданы 4 шаршы метрден кем болмауы тиіс.

Қысқа мерзімді кездесу бөлмелері терезенің саны бойынша перделермен, сұы бар графинмен және стакандармен (келушілерге арналған), қабырға сағаттарымен және

бақылаушы үстеліндегі күзет-дабыл сигнализациясын беру құралымен қамтамасыз етіледі.

Кылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
17-қосымша

нысан

Күдіктің немесе айыпталушыны тәртіптік изоляторға немесе уақытша оқшаулау үй-жайына қамау туралы қаулы

Күдікті немесе айыпталушы

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туган жылы)

режимін бұзуға жол берді (жіберілген бұзушылықтың уақыты, мән-жайы және сипаты) "Қылмыс жасалуына күдіктілер мен

айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Заңның 39-бабын

басшылыққа ала отырып қаулы етті:

Режимді қасақана бұзғаны үшін күдікті немесе айыпталушы

(тегі, аты, әкесінің аты) _____ тәулікке
тәртіптік

изоляторға қамалсын.

№ _____ Тергеу изоляторының бастығы _____
(атағы, тегі, қолы)

Қаулы маған _____ жылғы "___" ____
(күдіктің, айыпталушының қолы) жарияланды

Қаулыны жариялады _____
(атағы, тегі, қолы)

(келесі беті)

тінту жүргізді

(тінту жүргізген адамның қолы)

Салынған жазаны орындағаны туралы белгілер.

Тәртіптік изоляторға _____ жылғы "___" сағат "___" "___" минутта қамалды.

Тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі

(қолы)

Тәртіптік изолятордан ____ жылғы "___" сағат "___" "___" минутта босатылды.
Тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі

(қолы)

Кылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
18-қосымша
нысан

Күдіктілер мен айыпталушылардың жазалары мен көтермеллеулерін есепке алу кітабы

____ ж."___" _____ басталды
____ ж."___" _____ аяқталды

1-бөлім Жазага тартылған адамдарды есепке алу

p/c №	Т.А.Ә. (әкесінің аты болған жағдайда)	Жаза не үшін салынған	Жазаның түрі	Жазаны кім және қашан салды	Ескертпе
-------	---	--------------------------	--------------	-----------------------------------	----------

2-бөлім Әкімшілік көтермелеген адамдарды есепке алу

p/c №	Т.А.Ә. (әкесінің аты болған жағдайда)	Көтермелеве не үшін берілді	Көтермелевудің түрі	Кім және қашан көтермеледі	Ескертпе
-------	---	--------------------------------	------------------------	-------------------------------	----------

Кылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларының ішкі
тәртіптеме қағидаларына
19-қосымша

Тәртіптік изолятордың сипаттамасы

(уақытша оқшаулау үй-жайының)

Тәртіптік изолятор бір адамды ұстаяға арналған арнайы жабдықталған камералық үй-жай. Едені ағаштан жасалған. Есігі түрмелік құлпы бар камералық типтес.

Онда "көзше" қарағыш, тамақ беруге арналған желдеткіш жабдықталады, сыртқы жағынан вагон типтес құлыш орнатылады.

Тәртіптік изолятордың мөлшері 0,5-0,5 метр металл торы бар және сыртқы жағынан қалқан-жалюзі бар терезесі болуы тиіс. Ішкі жағынан терезе тормен оқшауланды. Электрлі лампа есік үстінде қуыста немесе төбеде бекітіледі және металл тормен оқшауланды.

Тәртіптік изоляторда:

1. Қабырғаға жапсырылып тұратын, ал түрғаннан жатқанға дейінгі мерзімде көтеріліп, бекітілетін ағаштан жасалған жататын орны бар металл кереует;
2. Еденге немесе қабырғаға жапсырылған ұстел және орындық;
3. Санитариялық торап орнатылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК